

## Еңбекшілдер ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізетін орындарды анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 наурыздағы № С-22/3 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 сәуірде № 1-10-114 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 ақпандағы № С-29/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2011.02.16 № С-29/4 шешімімен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес және қоғамдық қауіпсіздікті, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар транспорттың іркіліссіз жұмыс істеуін, инфрақұрылым нысандарын, жасыл желектер мен сәулет түрлерін сақтау үшін, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларды өткізу тәртібі мен орнын анықтауды қосымша регламенттеу туралы аудандық әкімдіктің ұсынысы негізінде Еңбекшілдер аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Еңбекшілдер ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізетін орындар қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 қазандағы № С-23/2 «Ауданда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізетін орындарды анықтау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-10-16 тіркеліп, 2005 жылғы 21 қазанда аудандық «Жаңа дәуір»-«Сельская новь» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет пен қаржы, заңдылық пен құқық тәртібі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

4. Осы шешім Еңбекшілдер ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

хатшысы

**КЕЛІСІЛДІ:**

Еңбекшілдер ауданының әкімі

Еңбекшілдер

мәслихаттың

2010

№

шешіміне қосымша

Аудандық

А.Бузань

Аудандық

М.Исажанов

Ақмола

Т.Хамитов

мәслихат

мәслихаттың

облысы

аудандық

наурыздағы

сессиясының

**Еңбекшілдер ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізетін орындар**

№	Елді мекеннің атауы	Жиналыстар	Митингілер	Шерулер, пикеттер мен демонстрациялар
1. Үлгі ауылдық округі				
1.1.	Үлгі ауылы	Ауыл клубы	Ауыл клубы жанасқан аумақта	Ауыл клубы жанасқан аумақта
1.2.	Қызыл- ұйым ауылы	Үлгі ауылдық округінің жеріндегі «Қызыл ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта	Үлгі ауылдық округінің жеріндегі «Қызыл ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта	Үлгі ауылдық округінің жеріндегі «Қызыл ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта
1.3.	Карловка селосы	Автотұрақ	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында
1.4.	Трамбов-ка селосы	Автотұрақ	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында
1.5.	Ұйымшыл ауылы	Ауылдық кітапхана	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта
1.6.	Жөкей ауылы	Автотұрақ	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында	Үлгі ауылдық округінің жерінде, автотұрақ жанында
2. Ақсу ауылдық округі				
2.1.	Ақсу ауылы	Бұрынғы клуб аумағы	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
3. Макинка ауылдық округі				
3.1.	Макинка селосы	«Әлем» сауда үйі	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта

3.2.

Қоғам ауылы

Мектеп аумағында

Макинка ауылдық округінің жерінде, «Рәзия» дүкенінің жанындағы аумақта

				жерінде, «Рәзия» дүкенінің жанындағы аумақта
3.3.	Мақпал ауылы	Ауылдық клуб аумағында	Макинка ауылдық округінің жерінде, «Маржан» дүкенінің жанындағы аумақта	Макинка ауылдық округінің жерінде, «Маржан» дүкенінің жанындағы аумақта
3.4.	Бұланды ауылы	Ауылдық кітапхана	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта
3.5.	Қаратал ауылы	Ауылдық бастауыш мектеп аумағында	Бұрынғы клубқа жанасқан аумақта	Бұрынғы клубқа жанасқан аумақта
3.6.	Қарағай ауылы	«Венера» кафесі	Диірменге және «Жалайыр Бұланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесіне жанасқан аумақта	Диірменге және «Жалайыр Бұланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесіне жанасқан аумақта
4. Заозерный ауылдық округі				
4.1.	Заозерный селосы	Заозерный ауылдық округінің аумағындағы «Восток Энерго» «Көкшетау Энерго Центр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалының әкімшілік ғимаратына жанасқан аумақта анықталсын	Заозерный ауылдық округінің аумағындағы «Восток Энерго» «Көкшетау Энерго Центр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалының әкімшілік ғимаратына жанасқан аумақта анықталсын	Заозерный ауылдық округінің аумағындағы «Восток Энерго» «Көкшетау Энерго Центр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалының әкімшілік ғимаратына жанасқан аумақта анықталсын
5. Заурал ауылдық округі				
5.1.	Заурал селосы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
5.2.	Құдық-ағаш ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
5.3.	Яблонов-ка селосы	Ауылдық кітапхана	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта
6. Баймырза ауылдық округі				
6.1.	Баймырза ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
6.2.	Шошқалы ауылы	Баймырза ауылдық округінің жерінде, «Болашақ-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта	Баймырза ауылдық округінің жерінде, «Болашақ-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта	Баймырза ауылдық округінің жерінде, «Болашақ-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жанындағы аумақта
7. Степняк қаласы				
7.1.	Степняк қаласы	Аудандық мәдениет үйінің ғимараты	Базар алаңына жанасқан аумақ	Базар алаңына жанасқан аумақ
7.2.	Пригорхоз селосы	Бұрынғы мектеп аумағында	Бұрынғы мектеп аумағында	Бұрынғы мектеп аумағында
8. Уәлихан ауылдық округі				
8.1.	Уәлихан ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
9. Мамай ауылдық округі				

9.1.	Мамай ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
10. Донской ауылдық округі				
10.1.	Андықожа ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
10.2.	Невский ауылы	Ауылдық кітапхана	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта	Ауылдық кітапханаға жанасқан аумақта
11. Краснофлот ауылдық округі				
11.1.	Краснофлот ауылы	Ауылдық клуб	«Краснофлот» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесіне жанасқан аумақта	«Краснофлот» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесіне жанасқан аумақта
12. Еңбекшілдер ауылдық округі				
12.1.	Еңбекшілдер ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
12.2.	Ақтас ауылы	Еңбекшілдер ауылдық округінің жерінде, «Кеңашы» агрофирмасы аумағында	«Еңбекшілдер ауылдық округінің жерінде, «Кеңашы» агрофирмасы аумағында	Еңбекшілдер ауылдық округінің жерінде, «Кеңашы» агрофирмасы аумағында
12.3.	Ақбұлақ ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
13. Бірсуат ауылдық округі				
13.1.	Бірсуат ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта
13.2.	Сәуле ауылы	Ауылдық клуб	Ауыл клубы жанасқан аумақта, Айтым Әміров көшесі	Ауыл клубы жанасқан аумақта, Айтым Әміров көшесі
14. Аңғалбатыр ауылдық округі				
14.1.	Аңғалбатыр ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта, «Жамбыл» көшесі	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта, «Жамбыл» көшесі
14.2.	Жаңалық ауылы	Аңғалбатыр ауылдық округінің жерінде, Асқаровтардың жекеменшік үйінің жанындағы аумақта	Аңғалбатыр ауылдық округінің жерінде, Асқаровтардың жекеменшік үйінің жанындағы аумақта	Аңғалбатыр ауылдық округінің жерінде, Асқаровтардың жекеменшік үйінің жанындағы аумақта
15. Кеңашы ауылдық округі				
15.1.	Кеңашы ауылы	Ауылдық клуб	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта	Ауылдық клубқа жанасқан аумақта